

Республикалық және жергілікті бюджеттер арасында есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 6 ақпандағы N 0160

Бюджеттік жылдың аяқталуына байланысты, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттердің шоттарында қаражат жоқтығын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1. Республикалық және жергілікті бюджеттер арасында қосымшаға сәйкес 3772129,76 мың /үш миллиард жеті жүз жетпіс екі миллион бір жүз жиырма тоғыз мың жеті жүз алпыс/ теңге сомасында өзара берешектерінің есептемесін жүргізісін.

Республикалық бюджет бойынша жергілікті бюджеттер алдындағы берешек:

"1995 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 1995 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" 1995 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасы Президентінің N 2371 U952371_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес облыстарда Республикалық бюджеттен көзделген 404837,1 мың /төрт жүз төрт миллион сегіз жүз отыз жеті мың бір жүз/ теңге сомасындағы толық қаржыландырылмаған несиенің қалдығы бойынша;

өзара есеп айырысулар бойынша республикалық бюджеттен облыстардың бюджеттеріне берілетін 585124,5 мың /бес жүз сексен бес миллион бір жүз жиырма төрт мың бес жүз/ теңге сомасындағы қаржылар бойынша;

республика ішіндегі өзара есептеменің 1167764,5 мың /бір миллиард бір жүз алпыс жеті миллион жеті жүз алпыс төрт мың бес жүз/ теңге сомасындағы вексельдері бойынша;

952344,14 мың /тоғыз жүз елу екі миллион үш жүз қырық төрт мың жүз қырық/ теңге сомасында қазынашылық міндеттемелер бойынша;

республикалық бюджет бойынша 662059,49 /алты жүз алпыс екі миллион елу тоғыз мың төрт жүз тоқсан/ теңге сомасындағы жергілікті бюджеттер есебіне жатқызылатын салық түсімдері үлестерінің есептемесін қабылдауға байланысты /қосылған құнға салынатын салық, заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша/ пайда болған республикалық бюджеттің жергілікті бюджеттер алдындағы берешегі бойынша есептелсін.

Жергілікті бюджеттер бойынша республикалық бюджет алдындағы берешек:

жергілікті атқарушы органдардың кепілдіктеріне алынған 2365094,76 /екі миллиард үш жүз алпыс бес миллион тоқсан төрт мың жеті жүз алпыс/ теңге сомасындағы дерективалық кредиттер бойынша;

1994 жылғы егіннің астығын сатудан түскен 1166200 мың /бір миллиард бір жүз алпыс алты миллион екі жүз мың/ теңге сомасындағы кірістерді республикалық бюджетке қайтару бойынша;

жергілікті бюджеттер бойынша 240865 мың /екі жүз қырық миллион сегіз жүз отыз бес мың/ теңге сомасындағы республикалық бюджет есебіне жатқызылатын салық түсімдері үлестерінің есептемесін қабылдауға байланысты /қосылған құнға салынатын салық, заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша/ пайда болған Ақмола облысы жергілікті бюджеттерінің республикалық бюджет алдындағы берешегі бойынша есептелсін.

2. Қостанай облысының несие бойынша уақытша кассалық үзілісті өтеуге республикалық бюджеттен алған 80000 мың /сексен миллион/ теңге сомасындағы 1995 жылға берешегі республикалық бюджеттен атқарылу нәтижелеріне жатқызылсын.

3. Осы есептеменің нәтижелері бойынша 1996 жылғы 1 қаңтардағы

жағдай бойынша республикалық және жергілікті бюджеттердің өзара берешектерінің қалдықтар мөлшері айқындалсын және оларды 1995 жылға арналған республикалық және жергілікті бюджеттерден орындалу нәтижелеріне жатқызу жөнінде ұсыныс енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1996 жылғы 6 ақпандағы
N 160 қаулысына
қосымша

Республикалық және жергілікті бюджеттер бойынша
есептемеге алынатын берешек

/мың теңге/

Облыстар | Республикалық бюджеттің мыналар бойынша
| жергілікті бюджеттерге берешегі

|несиелер| өзара | айналыс.| қазына.| Қаржы
 | дің |есеп айы.|тағы век.| шылық | мінінің
 | қалдығы| рысулар | сельдер |міндетте| келіс.
 | | | | мелер |

	1	2	3	4	5	6
Ақмола		36055,4	358317,46	94888	34274,14	
Ақтөбе		70000	10979,46	97934,64	785,9	
Алматы			32144	78856		
Атырау						
Шығыс Қазақстан	7786	143575,91	39293,09	35095	44750	
Жезқазған		37147	1014,5	3882	4568,1	
Жамбыл			24200			
Батыс Қазақстан	1464		99377	12230	7382	
Қарағанды		100125	80979,61	112733,5	57702,9	
Қызылорда	140610,1	50000	8833,89	4956		
Көкшетау	126505	89995,6	149714,2	46654	300	
Қостанай		75	20349,27	50597	6469,4	
Маңғыстау		7663,17	129338,13	7443	4055,7	
Павлодар			71323	108473	2004	
Солтүстік Қазақстан				12765	121535	
Семей		8692,75	83787	69820,25		
Талдықорған	72771,94	4761,5	18217,56	34263	586	
Торғай		15033,91	21175,09	7691		
Оңтүстік Қазақстан			110189	118611		
Алматы қаласы		30692	15770,58	88197	228970,1	
Байқоңыр қаласы		55700				
Барлығы	404837,1	585124,49	1167764,6	952344,14	662059,49	

Жергілікті бюджеттің мыналар бойынша
 республикалық бюджетке берешегі

Жиынтығы |Жүргізілген|Директивалық|астық | Жиынтығы
 |есептемелер| кредиттер |сатудан |

		түскен		
		кірістер		
7	8	9	10	11
523535	240835	112200	170500	523535
179700		61500	118200	179700
111000		57100	53900	111000
270500		152500	118000	270500
46611,6		45711,6	900	46611,6
24200		24200	24200	
120453		92253	28200	120453
351541,01		201941,01	149600	351541,01
204400		98100	106300	204400
413168,8		250168,8	163000	413168,8
77490,67		67790,67	9700	77490,67
148500		148500	148500	
181800		170400	11400	181800
134300		73700	60600	134300
162300		154300	8000	162300
130600		108500	22100	130600
43900		3300	40600	43900
228800		148000	80800	228800
363629,68		339229,68	24400	363629,68
55700		55700	55700	
3772129,8	240835	2365094,76	1166200	3772129,8